

***Кәсіпорындағы баға белгілеу.
Баға және оның түрлері.
Баға функциялары.***

***Бизнес және кәсіпкерлік мектебінің аға оқытушысы:
Сырымбек Маржан Сырымбекқызы***



Баға – қоғамдық қажетті жұмыс уақытындағы өнім өндіруге кеткен шығынды өлшеуге мүмкіндік беретін экономикалық категория товар құнының ақшалай көрінісі

БАҒАНЫҢ НЕГІЗГІ ФУНКЦИЯЛАРЫ:

- **Есептік функциясы** - баға өнімді өндіруде және өткізуде кеткен қоғамдық қажет шығынын көрсетеді;
- **Ынталандыру функциясы** – өнім шығарушы неғұрлым жетілген жаңа технологияны, техниканы қолдану арқылы шығындарын азайтады, сол арқылы бағаны төмендетуге болады.
- **Сұраныс пен ұсынысты баланстау функциясы** – ұсыным азайған кезде тауар бағасын өсіруге болады.
- **Бөлу және қайта бөлу функциясы**


Баға түрлері:

Реттелу дәрежесіне қарай келесіге бөлінеді:

- Еркін бағалар;
- Реттелетін бағалар;
- *Арнайы тағайындалатын бағалар* (мемлекет тарапынан тағайындалады);

Қызмет көрсету сфера сипаты бойынша:

- Транспорт тарифтері;
- Ауыл шаруашылық өнімін сату бағасы;
- Өнеркәсіптік көптеп сату бағасы;
- Бөлшектеп сату бағасы;
- Құрылыс өнімдеріне қойылған бағалар;



ӨНЕРКӘСІП ӨНІМІН КӨПТЕП САТУ БАҒАЛАРЫ ЕКІГЕ БӨЛІНЕДІ:

- **Кәсіпорынның көптеп сату бағасы
(алғашқы баға);**
- **Өнеркәсіптің көптеп сату бағасы;**

Әлемдік экономикада нақты заман талабына сәйкес бағаның көптеген түрі қолданылады.

Олар:

- ❖ *меншік түріне қарай* мемл. (кесімді және реттелген) баға және еркін (нарықтық) баға;
- ❖ *қоғамдық өндірістің жіктелуіне қарай* өндіріс қоры бағасы және тұтыну тауары бағасы;
- ❖ *экономикалық айналым мен тауар қозғалысының сипатына қарай* көтерме сауда бағасы және бөлшек сауда бағасы;
- ❖ *транспорттық шығындарды келісе отырып бөлісуге байланысты* өндіріс орнындағы баға (франко-жөнелтілім стансасы) және тұтыну орнындағы баға (франко-жеткізілім стансасы);
- ❖ *қамтитын аумағына қарай* әлемдік баға, аймақтық баға және жергілікті баға;
- ❖ *статистикада қолдануына қарай* базистік баға, ағымдағы баға, орташа баға, салыстырмалы баға болып бөлінеді.

- **Мемлекеттік баға** — мемлекеттік органдар тарапынан белгіленетін баға. Оның екі түрі бар: **кесімді және реттелетін бағалар**.
- **Кесімді баға** — мемлекеттің нақты көлемін бекіткен бағасы.
- **Реттелетін баға** — мемлекет бекіткен ережеге сәйкес өзгеріп отыратын баға.
- **Нарықтық баға** — сұраныс пен ұсыныстың қарым-қатынасына орай қалыптасқан орташа баға.
- **Өндіріс қоры бағасы** — өндіріс қоры құнының өзгерген мөлшері, ол тауар өндірісінің шығындары мен орташа пайдадан құралады.
- **Көтерме сауда бағасы** — ірі көлемде сатылатын тауарлар бағасы. Әдетте, көтерме сауда бағасы бөлшек сауда баға сынан төмен болады.
- **Бөлшек сауда бағасы** — жеке тұтынушылар үшін сатылатын тауарларға қойылған нақты баға.
- **Өндіріс орнындағы баға** (франко-жөнелтілім стансасы) — сатушы мен сатып алушы арасында жасалған келісімшартқа сәйкес тасымал шығындарын бөлісуіне байланысты анықталатын баға. Бұл негізінен темір жолмен жүк тасымалдауда қолданылады. Сатушының белгілеген бағасының ішіне тауарды жеткізіп беру мен жөнелтілім стансасындағы тиеу — түсіру шығындары, т.б. кіреді.



Өнім бағасы анықталады:

$$C_1 = S * (1+R) \quad (1)$$

мұндағы S - өнім бірлігінің толық өзіндік құны, ТГ;

R - рентабельдік деңгейі, %

Икемділік коэффициенті.

Баға өзгерісіне байланысты тұтынушылардың сұраныс дәрежесінің сандық өзгерісі **сұраныс икемділігі** ұғымын білдіреді.

Икемділік коэффициенті келесі формуламен анықталады:

$$K_{\text{икем}} = \%Q / \%Ц \quad (2)$$

%Q – сұраныс көлемінің өзгерісі;

%Ц – тауар бағасының өзгерісі.

Икемділік коэффициенті бойынша мынадай қорытындылар жасалады:

- 1) Сұраныс икемді, егер $K_{\text{икем}} > 1$;
- 2) Сұраныс икемсіз, егер $K_{\text{икем}} < 1$;
- 3) Баға мен көлем өзгерісі бірдей болса бірлік икемділік $K_{\text{икем}} = 1$;



Өндірістің зиянсыздық көлемі анықталады:

$Q_{кр} = \frac{\text{Тұрақты шығындар}}{\text{Баға-бірлік ауыспалы шығын}}$

Баға-бірлік ауыспалы шығын

«Табыстар = Шығындар» шартындағы өндіріс көлемі



*Назарларыңызға
рахмет!!!*